

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 150ак қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 25-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру шараларының жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

" Мыналарды сатып алу :

телефон аппараты	- 7 дана;
орындық	- 40 дана;
кресло	- 9 дана;
факс	- 2 дана;
сейф	- 4 дана;
телевизор	- 1 дана;
шкаф	- 5 дана;
басшының кеңсе жиһазы	- 2 жиынтық;
жазу үстелі	- 13 дана;
киім шкафы	- 5 дана;
көшіру аппараты	- 1 дана;
қабылдау бөлмесінің кеңсе жиһазы	- 1 жиынтық;
тоңазытқыш	- 1 дана;
кітап шкафы	- 2 дана;
тумба	- 2 дана;

киім ілгіш - 2 дана".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі